

Әлеуметтік жұмыс орындарын құру және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 15 наурыздағы № 92 қаулысы. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 сәуірде № 3-8-109 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 17 қаңтардағы № 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2011.01.17 № 29 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-4 тармақшасын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Т І :

1. Қоса берілген әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынып отырған шаруа қожалықтары тізімге сәйкес бекітілсін /қосымша/.
2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі /Г.А.Алматбаева/: қабылданған жұмысшылардың еңбек ақысын төлеу үшін жұмыс берушімен шарт жасасып, жартылай шығыстарын бюджет есебінен әр жұмысшыға айына 20,0 /жиырма мың/ теңгеден артық емес сомада төленсін.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары И.Г.Цыбаға жүктелсін.
5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А.Әмірғалиев*
Мәртөк ауданы әкімдігінің
15 наурыз 2010 жылғы
№ 92 қаулысына қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынып отырған жұмыс берушілердің тізімі, жұмыс орындарының саны

№	Жұмыс берушілердің атауы	Жұмыс орындарының саны
1	«Дина» шаруашылық қожалығы	10

2	«Рубин - 5» шаруашылық қожалығы	10
3	«Бекболат» шаруашылық қожалығы	2
4	«Жездібай» шаруашылық қожалығы	7
5	«Сәби» шаруашылық қожалығы	2
	Барлығы	31

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК